

## 2021 жылға Ырғыз ауданы бойынша мүгедектер үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы

Мерзімі біткен

Ақтөбе облысы Ырғыз ауданы әкімдігінің 2021 жылғы 5 сәуірдегі № 85 қаулысы. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 6 сәуірде № 8231 болып тіркелді. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

### **ЗҚАИ-дың ескертпесі!**

Осы қаулы 01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 - бабына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 9, 27 баптарына және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2016 жылғы 13 маусымдағы № 498 "Мүгедектер үшін жұмыс орындарын квоталау қағидаларын бекіту туралы", нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 14010 тіркелген бұйрығына сәйкес, Ырғыз ауданы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2021 жылға Ырғыз ауданы бойынша ауыр жұмыстарды, еңбек жағдайлары зиянды, қауіпті жұмыстардағы жұмыс орындарын есептемегенде, жұмыс орындары санының екіден төрт пайызға дейінгі мөлшерінде мүгедектер үшін жұмыс орындарына квота:

елуден жүз адамға дейін – жұмыскерлердің тізімдік санының екі пайызы мөлшерінде;

жүз бірден екі жүз елу адамға дейін – жұмыскерлердің тізімдік санының үш пайызы мөлшерінде;

екі жүз елу бірден артық адам – жұмыскерлердің тізімдік санының төрт пайызы мөлшерінде ұйымдар бөлінісінде қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. Ырғыз ауданы әкімдігінің келесі қаулыларының күші жойылды деп танылсын:

1) Ырғыз ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 4 мамырдағы № 57 "Ырғыз ауданы бойынша мүгедектер үшін жұмыс орындарының квотасын белгілеу туралы" ( нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 5498 тіркелген, 2017 жылғы 24 мамырда аудандық "Ырғыз" газетінде жарияланған) қаулысы;

2) Ырғыз ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 18 сәуірдегі № 65 "Ырғыз ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 04 мамырдағы № 57 "Ырғыз ауданы бойынша мүгедектер үшін

жұмыс орындарының квотасын белгілеу туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы" ( нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 6115 тіркелген, 2019 жылғы 07 мамырда аудандық "Халық ақпарат" газетінде жарияланған) қаулысы.

3. "Бірғыз аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулыны Ақтөбе облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны оны ресми жариялағаннан кейін Бірғыз ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау жетекшілік ететін аудан әкімінің орынбасарына жүктелсін.

5. Осы қаулы 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

*Бірғыз ауданының әкімі*

*А. Ауелбаев*

Бірғыз ауданы әкімдігінің 2021 жылғы  
5 сәуірдегі № 85 қаулысына қосымша

**2021 жылға Бірғыз ауданы бойынша ауыр жұмыстарды, еңбек жағдайлары зиянды, қауіпті жұмыстардағы жұмыс орындарын есептемегенде, жұмыс орындары санының екіден төрт пайызға дейінгі мөлшерінде мүгедектер үшін ұйымдар бөлінісінде жұмыс орындарының квотасы**

№	Ұйымдардың атауы	Жұмыскерлердің тізімдік саны	Квота мөлшері ( жұмыс-керлердің тізімдік санынан %)	Ж ұ м ы с орындары-ның саны (бірлік)
1	"Наурыз-СИМ" жауапкершілігі шектеулі серіктестік	70	2	1
2	"Ақтөбе облысының білім басқармасы Бірғыз ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің " Б.Алтынсарин атындағы жалпы білім беретін орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	135	3	4
3	"Ақтөбе облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы" мемлекеттік мекемесінің "Бірғыз балалар - жасөспірімдер спорт мектебі"	56		1

	коммуналдық мемлекеттік мекемесі		2	
4	"Брғыз ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі	50	2	1
5	Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі "Брғыз-Торғай мемлекеттік табиғи резерваты" республикалық мемлекеттік мекемесі	99	2	2
6	"Ақтөбе облысының денсаулық сақтау басқармасы" мемлекеттік мекемесінің шаруашылық жүргізу құқығындағы "Брғыз аудандық ауруханасы" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорыны	288	4	12